



4 187 02 20 133 002 91

ЖАҢА КОНСТИТУЦИЯ ЖАСАМПАЗДЫҚ ПЕН ЖАҢАШЫЛДЫҚТЫ ҚОЛДАЙДЫ



Студенттер сарайында «Жаңа Ата Заң және жалпыұлттық құндылықтар» тақырыбында облыс жастарының қатысуымен TEDx форматында ашық форум өтті. Форумға облыс әкімінің орынбасары Жолдас Батырхан, Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің ректоры Лаура Қарабасова, «Аманат» партиясы жанындағы «Жастар рухы» жастар қанатының төрағасы Ақерке Искандерова, сондай-ақ халық қалаулылары мен студент жастар қатысты.

Шараның басты мақсаты — конституциялық реформаның мазмұнын жан-жақты түсіндіру, оның ел дамуына ықпалын көрсету, мемлекеттілікті нығайтуға бағытталған өзгерістерді кеңінен талқылап, жастардың азаматтық белсенділігін арттыру.

Жолдас Батырхан өз сөзінде конституциялық реформаның негізгі бағыттарына тоқталып, ел алдында тұрған тарихи шешімнің маңызын атап өтті. Ол Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев жа-

риялаған жалпыхалықтық референдумның мәніне тоқтала келе, жаңа Конституция қабылдау уақыт сұранысынан туындаған қажеттілік екенін жеткізді.

— Әр мемлекеттің өз бағыты мен бағдары, Ата Заңы болады. Ол бізде де бар. Алайда заман ағымына сай заң да жаңарып отыруға тиіс. 1995 жылы қабылданған Конституцияда цифрлық дәуірдің шындығы, киберқауіпсіздік, әлеуметтік желілердің ықпалы туралы ұғымдардың болуы мүмкін емес еді.

Ал бүгінде әрқайсысымыздың қалтамызда шағын компьютер — смартфон жүр. Цифрлық кеңістікте пайда да, қауіп те бар. Кибербуллинг сияқты жаңа ұғымдар пайда болды. Сондықтан жаңа Конституция жобасында цифрлық қауіпсіздік, неке мен отбасы, азаматтық жауапкершілік секілді маңызды бағыттар қамтылған, — деді Жолдас Батырхан.

Өткен жылдың 5 қарашасында бекітілген ішкі саясат қағидаттары мен жалпыұлттық құндылықтарға тоқталған спикер үш негізгі ұстанымды айқындап берді. «Біріншісі — Тәуелсіздік пен отаншылдық. Бұл — баршаға ортақ құндылық. Жаңа Конституцияда «Тәуелсіздік», «Егемендік» ұғымдарының айрықша мәнмен жазылуы да соның дәлелі. Екіншісі — бірлік пен ынтымақ. Қазақ «бір күн ұрыстың қырық күн кесірі бар» дейді. Ынтымақ бар жерде береке бар. Жаңа Конституция татулық пен тұтастықты басты тірек ретінде айқындайды. Үшіншісі — Заң мен тәртіп. Заңға бағыну, қоғамдық тәртіпті сақтау әр азаматтың бұлжымас қағидасына айналуға тиіс», — деген Жолдас Батырхан еңбекқорлық пен кәсібилік, жасампаздық пен жаңашылдық мәселесіне де кеңінен тоқталды. Бүгінде Қазақстан цифрлық даму көрсеткіштері бойынша әлемдегі озық елдердің қатарында екенін атап өтіп, жастардың инновациялық жетістіктерін мысалға келтірді. «Банк картасын бірнеше минутта рәсімдеу, үйден шықпай-ақ құжат алу — бұл біздің жасампаз жастарымыздың еңбегі. Жаңа Конституция дәл осы жасампаздық пен жаңашылдықты қолдайды», — деді ол.

Спикер тіл мәселесіне де арнайы тоқталып, тәуелсіздік жылдарындағы қазақ тілінің өркендеуін нақты деректермен дәлелдеді.

— 1990 жылдары облыстағы

529 мектептің 291-і өзге тілде оқытылса, бүгінде небәрі 11 мектеп қана орыс тілінде білім береді. Бұл — тілге көрсетілген құрмет пен мемлекеттік саясаттың нәтижесі, — деп Жолдас Батырхан форумға қатысқан жастарды бұл мәселеде асығыс ұрандарға ермей, парасатты ұстанымда болуға шақырды.

Форумда сөз алған Лаура Қарабасова конституциялық реформа жөніндегі комиссия мүшесі ретінде Ата Заң жобасының ашық әрі кеңінен талқыланып отырғанын атап өтті.

— Біз ерекше тарихи кезеңде тұрмыз. Ата Заңның жаңа жобасы қоғам сұранысына жауап береді және болашаққа бағдарланған. Бұл процесстің ашық өткеніне өзім кәміл. Барлық талқылау тікелей эфирде көрсетілді, — деді ректор.

Ол білім мен ғылым енді жай ғана сала емес, стратегиялық басымдыққа айналатынын ерекше атап өтті.

— Еліміз бойынша 23 мың ғылыми қызметкер, 47 мың профессор-оқытушы, 9 мыңнан астам докторант және 700 мыңға жуық студент бар. Бұл — білімді жоғары бағалайтын елдің зор әлеуеті. Ата Заңдағы білім мен ғылымның құндылығы тек осы қауымдастық үшін емес, бүкіл халық үшін маңызды. Бұл, шын мәнінде, халықтық өзгерістер, — деген Лаура Қарабасова жастарды алдағы референдумға белсенді қатысып, реформаның мәнін айналасына дұрыс түсіндіруге шақырды.

Сондай-ақ форум барысында облыс прокурорының бірінші орынбасары Талғат Әлібаев, облыстық полиция департаменті бастығының орынбасары Ардана Саймағанбетов, журналист Әлия Әшім, «Orda FM» радиосының директоры Әйкерім Есенәлілер де сөз алып, конституциялық реформаның құқықтық және қоғамдық қырларына тоқталды.

Арайлым НҮРБАЕВА.

МАҢЫЗДЫ КҮННІҢ МҰРАТЫ

Облыс әкімінің орынбасары Жолдас Батырхан Хромтау ауданына жұмыс сапары аясында аудан активі және өндіріс саласының еңбек ұжымдарымен кездесіп, 15 наурызда өтетін республикалық референдумның маңызын және жаңа Ата Заң жобасының басым бағыттарын жеткізді.

Кездесу барысында Жолдас Батырхан жаңа Конституция жобасында ел мүддесі мен қоғамдық тұрақтылықты нығайтуға басымдық берілгенін атап өтті. Оның сөзінше, құжатта еңбек адамының рөлін айқындайтын және әлеуметтік тұрғыдан қорғаудың нақты әрі түсінікті тетіктері қарастырылған. Бұл өз кезегінде әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз етіп, халықтың ел-ауқатын арттыруға бағыт-



талған маңызды қадам болмақ.

Сондай-ақ ол жаңа Конституция мәтініндегі «Егемен» және «Тәуелсіз» сөздерінің бас әріппен жазылуының символдық мәнін айшықтап, мұның ұрпақ сабақтастығы тұрғысынан патриоттық рухты көтеретін айрықша белгі екенін алға тартты.

Кездесуге қатысқан аудандық коалиция мүшелері де сөз алып, референдумды қолдау шаралары барысында тұрғындардың жоғары белсенділік танытып отырғанын тілек етті. Олар алдағы жалпыхалықтық дауыс берудің ел болашағы үшін маңызды шешім екенін айтып, көпшілікті белсенді қатысуға шақырды, жаңа Конституция жобасына қолдау білдірді.

Ал облыс әкімі орынбасарының Дөң тау-кен байыту комбинатына қарасты флотациялық цех ұжымымен жүздесуінде жұмысшылар көкейіндегі сұрақтарын қойып, пікір алмасты. Жолдас Батырхан өндіріс саласының дамуы мен еңбек жағдайын жақсарту бағытында атқарылып жатқан жұмыстарға тоқталды.

Өз тілшіміз.

ЗАҢ МЕН ТӨРТІП
Қаулысы Қазақстан үшін

ЖЕКЕ ШЕКАРА ЖӘНЕ ҚАУІПСІЗДІК

Ақтөбедегі №51 гимназияда «Сталкинг деген не және одан қалай қорғану керек?» тақырыбында тренинг өтті. Іс-шарада мектеп психологтары Г.Хусаинова мен И.Есмұханова жас мамандарға кеңес берді.

Тренинг барысында қатысушыларға сталкинг ұғымының мән-маңызы түсіндіріліп, оның қазіргі қоғамда жиі кездесетін психологиялық қысым түрінің бірі екені айтылды. Мамандар сталкингтің негізгі түрлеріне тоқталып, оның ішінде әлеуметтік желі арқылы құдалау, тұрақты бақылау, қорқыту, мазалау секілді әрекеттердің қауіпті салдарын нақты мысалдармен жеткізді.

Сондай-ақ сталкингтің алғашқы белгілерін дер кезінде тану, жеке шекараны қорғау, күмәнді жағдайларда әрекет ету алгоритмі және қауіпсіздік шаралары талқыланды. Қатысушыларға құқықтық тұрғыдан қорғану жолдары, сенім білдіруге болатын ұйымдар мен мамандарға жүгіну тәртібі жөнінде де ақпарат берілді.

Жас мамандар кәсіби ортаға енді қадам басқан кезде психологиялық және құқықтық қауіптер туралы жеткілікті ақпаратқа ие болмауы мүмкін. Бұл тренинг олардың құқықтық сауаттылығын арттырып, қауіпсіз мінез-құлқ дағдысын қалыптастыруға бағытталды.

Ашық пікір алмасу форматында өткен кездесу олардың тақырыпқа деген қызығушылығын арттырып, өзара тәжірибе бөлісуіне мүмкіндік берді.



Мұндай шаралар жас мамандардың құқықтық сауаттылығын арттырып қана қоймай, психологиялық қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыруға ықпал етеді.

К.ҚОПАЕВА.

ЖОБА

«АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ БОЙЫНША МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ҰЙЫМДАРДАҒЫ ЖЕКЕЛЕНГЕН САНАТТАҒЫ ТӘРБИЕЛЕНУШІЛЕРГЕ ТАМАҚТАНДЫРУДЫ ҰЙЫМДАСТЫРУ ТУРАЛЫ» АҚТӨБЕ ОБЛЫСЫ ӘКІМДІГІНІҢ 2023 ЖЫЛҒЫ 24 ТАМЫЗДАҒЫ №221 ҚАУЛЫСЫНА ӨЗГЕРІС ЕНГІЗУ ТУРАЛЫ

Ақтөбе облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Ақтөбе облысы бойынша мектепке дейінгі ұйымдардағы жекеленген санаттағы тәрбиеленушілерге тамақтандыруды ұйымдастыру туралы» Ақтөбе облысы әкімдігінің 2023 жылғы 24 тамыздағы №221 қаулысына мынадай өзгеріс енгізілсін:

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Облыстық бюджет қаражаты есебінен Ақтөбе облысының мектепке дейінгі ұйымдарында келесі жекеленген санаттағы балаларға тамақтану құнының 100% мөлшерінде тамақтандыру ұйымдастырылсын:

жетім балаларға және ата-аналарының қамқорлығынсыз қалған балаларға;

мүгедектігі бар балаларға;

атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен отбасылардан шыққан балаларға;

атаулы әлеуметтік көмек алуға құқығы бар көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға, сондай-ақ мемлекеттік атаулы әлеуметтік көмек алмайтын, жан басына шаққандағы орташа табысы ең төмен күнкөріс деңгейінен төмен көпбалалы отбасылардан шыққан балаларға.»

2. «Ақтөбе облысының білім басқармасы» мемлекеттік мекемесі заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы қаулыны қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік-құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

2) осы қаулыны оны ресми жариялағаннан кейін Ақтөбе облысы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастыруды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Ақтөбе облысы әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына жүктелсін.

4. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін қолданысқа енгізіледі.

Ақтөбе облысының әкімі А.ШАХАРОВ.

Ақтөбе облыстық ардагерлер кеңесі облысымыздың өркендеп дамуына үлесін қосқан ауыл шаруашылығы саласының ардагері

Құбайдолла Нұрғалиұлы БІТКОВТИҢ

қайтыс болуына байланысты отбасына, балаларына және бауырларына қайғысына ортақтасып, шынайы көңіл айтады.

Халықаралық «Қазақ тілі» қоғамы Ақтөбе облыстық және қалалық «Қазақ тілі» қоғамының атынан педагогика ғылымдарының кандидаты, профессор, ғалым-ұстаз

Ниетжан БЕРІКОВТИҢ

дүниеден өтуіне байланысты туған-туыстары мен жақындарына көңіл айтамыз.

Ниетжан Беріков ағамыздың тұлғасы мен өмір жолы, ғалым-ұстаздық қызметі кейінгі ұрпаққа елге қызмет етудің және ғылым-білімге деген адалдықтың үлгісі болып қала береді, ұстаздың бейнесі біздің есімізде мәңгі сақталады. Жатқан жері жайлы, топырағы торқа, иманы саламат болсын.

Қазақстандық салалық мәдениет, спорт, туризм және ақпарат қызметкерлерінің кәсіптік одағы» ҚБ Ақтөбе облыстық филиалы, Ақтөбе облыстық мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасы Т.Ахтанов атындағы драма театрының актері, мәдениет саласының үздігі

Өсет Сақтапбергөнұлы ОРАЗАЛИННИҢ

мезгілсіз қайтыс болуына байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

«ҚАЗХРОМ» ТҰК» АҚ

2026 жылғы 31 наурызда «Қазхром» ТҰК» АҚ филиалы – Дөң ТКБК үшін жою шығындарын есептей отырып, «VI Геофизикалық» карьердің қалдық қоймасын жою» жобасына әсер етуге экологиялық рұқсат алуға арналған материалдар (ҚОҚР, Жою жобасы, ҚОҚБЖМ) бойынша ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдау өткізілетіні туралы хабарлайды. Мына мекенжайы бойынша:

Жергілікті уақытпен сағат 10.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Кеншілер мәдениет үйі, Өйтеке би көшесі, 46 Б.

Жергілікті уақытпен сағат 13.00-де Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң ауылы, мектеп-гимназия (акт залы), Бейбітшілік көшесі, 50.

Жергілікті уақытпен сағат 14.30-да Ақтөбе облысы, Хромтау ауданы, Дөң а.о., Оңғар а., мектеп (акт залы), Адыр көшесі, 27

«Қазхром «ТҰК» АҚ филиалы — Дөң тау-кен байыту комбинатының координаттары: 50°15'38.25"С, 58°27'14.75"В.

Қосылу сілтемесі: <https://erg.zoom.us/j/83207793825?pwd=G1fZuIBY4y6zkTVyukJVFx0FQ8XKES.1>

Конференция идентификаторы: 83207793825

Кіру коды: 820922

Барлық ескертпелер мен ұсыныстар «Қоршаған орта мен табиғи ресурстардың жай-күйі туралы ұлттық деректер банкі» порталында <https://ndbecology.gov.kz/> қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады, сондай-ақ «Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ: Ақтөбе қ., Өбілқайыр хан даңғылы, 40 және эл.мекенжайы: expert_oos@mail.ru

Жобалық материалдардың экологиялық сараптамасын «Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Экологиялық реттеу және бақылау комитеті» ММ жүргізеді.

«Ақтөбе облысының табиғи ресурстар және табиғатты пайдалануды реттеу басқармасы» ММ келісімі бойынша қоғамдық тыңдауды ұйымдастыруды жобаның тапсырыс берушісі «Қазхром» ТҰК» АҚ жүргізеді. Тапсырыс берушінің байланыс телефондары: +7 (713) 362-13-72

Белгіленген қызметке тапсырыс беруші: ҚТҰК, 031100, Ақтөбе облысы, Хромтау қаласы, Бейбітшілік алаңы, 25 ғимарат, БСН 021041001594, директор – Б.К.Утемисов, тел. +7 (713) 362-13-72, эл.мекенжайы — dgok@erg.kz

Жобалық құжаттаманы әзірлеуші «ССКӨБ» АҚ, БСН: 920240000127, Рудный қ., Ленин көшесі, 26, тел.: 8 (71431) -3-17-62.

«ҚАЗАҚОЙЛ АҚТӨБЕ» ЖШС

2.04.2026ж. сағат 14.00-де Ақтөбе облысы, Мұғалжар ауданы, Батпақкөл а.о., Жағабұлақ ауылы, Н.Қаржаубаев көшесі, 6, (Мәдениет үйі) мекенжайында «Әлібекмола» кен орнының №1-4 манифольдтарын қайта құру» жұмыс жобасын түзету» жобасына «Қоршаған ортаны қорғау» бөлімі бойынша ашық жиналыс түрінде қоғамдық тыңдау өтетінін хабарлайды.

Онлайн қосылуға сілтеме: <https://us05web.zoom.us/j/8207751165?pwd=M3grbHhFRXU5RWJzRfHxXcnpGbKZFzZ09&omn>. Идентификатор: 820 775 1165. Құпиясөз: 123456.

Тапсырыс беруші: «Қазақойл Ақтөбе» ЖШС, 990940002914, Ақтөбе қ., Ә.Молдағұлова д, 46, 8-7132-93-32-99.

Әзірлеуші: «СтройРекламПроект» ЖШС, 040440005636, Ақтөбе қ., Жамбыл к., 81, 8-7132-90-82-41.

Жобалық құжаттама пакетімен <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ ЖАО «<https://www.gov.kz/memleket/entities/aktobe-zher-paidalanuy/contacts?lang=kk>» сайтында танысуға болады.

Барлық ескертпелер мен ұсыныстар <https://ndbecology.gov.kz/> порталында, сондай-ақ expert_oos@mail.ru қоғамдық тыңдау өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

ҚР Ішкі істер министрлігінің **Муханов Тажигали Хожағалиевичке** (24.05.1956 ж) берілген шетелдіктің тұруына ықтиярхаты №046458804 жоғалуына байланысты жарамсыз деп танылсын.

www.aqtobegazeti.kz



Ақтөбе

Меншік иесі:
«АҚТӨБЕ МЕДИА»
ЖШС

ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ
Газет 1974 жылы
«Құрмет белгісі»
орденімен марапатталған

Директор
Раукен ОТЫНШИН

Директордың орынбасары
Айгүл НҰРКЕЕВА

Бас редактор
Сәтжан ДӘРІБАЙ

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2022 жылғы 23 желтоқсанда тіркеліп, №КЗ70VPU00061916 куәлігі берілген.

Бас редактордың бірінші орынбасары

Жаңагүл НИЯЗМАҒАНБЕТОВА

Бас редактордың орынбасары

Данагүл ҚАЗИХАН

Жауапты хатшы

Динара САНГУЛОВА

АҚПАРАТ ЖӘНЕ САЯСАТ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Арайлым НҰРБАЕВА

Тілшілер

Мейрамгүл САТАЕВА,

Ақмарал МҰҚАШЕВА

ЭКОНОМИКА ЖӘНЕ АУЫЛ

ШАРУАШЫЛЫҒЫ БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Айбек ТАСҚАЛИЕВ

Тілшілер

Кәмшат ҚОПАЕВА,

Айдана АЛТЫБАЕВА

МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ӘЛЕУМЕТТІК

САЛА БӨЛІМІ:

Бөлім меңгерушісі

Гүлжан БАЗЫЛҚЫЗЫ

Тілшілер Индира ӨТЕМІС,

Айнұр ЖАЛМАҒАНБЕТОВА

Сайт редакторы Аслан СЫДЫҚОВ

Беттеуші Шолпан МҰХАМБЕТАЛИНА,

Әсел НОГУМАНОВА

Теруші

Гүлмира АЙНАЗАРОВА

Корректорлар

Қалдыгүл МЫРЗАТАЕВА,

Ақзат ЖИЕНАЛИНА

Жазылу және тарату бөлімі 90-71-67

Жарнама бөлімі 90-71-55

Газет жарияланымдарындағы автор пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасы болып есептелмейді. Редакция оқырман хаттарына жауап бермейді, оны қайтармайды. Редакцияның тапсырмасы бойынша жазылмаған материалдарға қаламақы төленбейді. Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Басылым сапасы жөнінде баспаханадағы мына телефонға хабарласуға болады: 400-400.

Газет «Хабар – Сервис» ЖШС баспаханасында (Ақтөбе қаласы, Ә.Смағұлов көшесі, 9/2) басылды



Мекенжайымыз: 030012, Ақтөбе қаласы,
Тілеу батыр көшесі, 10.

Қабылдау бөлмесі: 90-71-61.

Сайт: www.aqtobegazeti.kz

E-mail: aktobegazeti@mail.ru

Аптасына 2 рет шығады.

Таралымы 12124 Тапсырыс №194

Нөмірдің кезекші редакторы

Индира Өтеміс